



✓МАМАН КЕҢЕСІ

Эхинококкоздың алдын алуы туралы

ЭХИНОКОККОЗ – АДАМ МЕН ЖАНУАРЛАРҒА ОРТАҚ КЕЗДЕСЕТІН ҚАУІПТІ ПА-РАЗИТТІК АУРУЛАРДЫҢ БІРІ. АУРУДЫҢ ҚОЗДЫРҒЫШЫ – ECHINOCOCCUS GRANULOSUS ДЕП АТАЛАТЫН ТАСПА ҚҰРТ. ПАРАЗИТТІҢ ДЕРНӘСІАДЕРІ АДАМ АҒЗАСЫНА ТҮСКЕННЕН KEЙІН БАУЫРДА, ӨКПЕДЕ ЖӘНЕ БАСҚА ІШКІ АҒЗАЛАР-ДА КИСТА ТҮЗІП, ОЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТЫ ҚЫЗМЕТІН БҰЗА-ДЫ. АУРУ ҰЗАҚ УАҚЫТ БОЙЫ ЕШҚАНДАЙ БЕЛГІ БЕРМЕЙ, ТЕК КИСТА ҮЛКЕЙГЕН КЕЗДЕ ҒАНА АНЫҚТАЛУЫ МҮМКІН.

Эхинококкоз қалай жұғады? Аурудың негізгі көзі – эхино-кокк паразитін тасымалдаушы иттер және жабайы жыртқыш жануарлар (қасқыр, түлкі және т.б.). Паразиттің жұмыртқалары жануарлардың нәжісі арқылы қоршаған ортаға таралады.

Адамға ауру: * итпен немесе басқа жануармен байланыстан кейін қолды жумай та-мақтанғанда; * жуымаған жеміс-жидек пен көкөністі пайдаланғанда;

* ластанған суды ішкенде; * санитариялық талаптар сақтал-маған жағдайда мал сою кезінде; * ауру малдың ішкі ағзаларын ит-терге берген кезде жұғуы мүмкін. Эхинококкоз адамнан адамға берілмейді. Аурудың белгілері: Эхинококкоздың алғашқы ке-зеңінде айқын белгілер байқалмайды. Киста үлкейген сайын:

* оң жақ қабырға астында ауыр-сыну; * тәбеттің төмендеуі; * әлсіздік; * жүрек айну; * дене салмағының азаюы; * өкпе зақымданғанда ұзаққа со-зылаған жөтел мен енгіту пайда болуы мүмкін. Аурудың белгілері зақымданған мүшеге байланысты өзгереді. Алдын алу шаралары Эхинококкоздың алдын алу үшін келесі ережелерді сақтау қажет: * қолды сабынмен жиі және мұқият жуу; * жеміс-жидек пен көкөністі таза сумен жақсылап жуу; * тек қауіпсіз ауыз суды пайдалану;

* үйдегі иттерді ветеринар дәрі-гердің бақылауымен тұрақты дегель-минтизациядан өткізу; * малдың ішкі ағзаларын ветери-нариялық тексерусіз иттерге бермеу; * мал сою кезінде санитария-лық-гигиеналық талаптарды сақтау; * балаларға жеке бас гигиенасы-ның маңызын түсіндіру. Эхинококкоз – дер кезінде анықталмаса, ауыр асқынуларға әке-луі мүмкін паразиттік ауру. Алайда қарапайым алдын алу шараларын сақтау арқылы оның таралуының алдын алуға болады. Әрбір азамат жеке бас гигиенасын сақтап, үй жа-нуарларын уақтылы ветеринариялық тексеруден өткізіп, санитариялық та-лаптарды орындаса, өз денсаулығын және қоғамның денсаулығын қорға-уға үлес қосады. Денсаулық – өз қолымызда! Эхи-нококкоздың алдын алып, өзіңізді және жақындарыңызды қорғаңыз! Қарлығаш ЖАЗЫҚБЕКОВА, Балқаш қалаалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысының орынбасары.

✓РЕЙД

«Қауіпсіз жол» — тәртіп кепілі

ҚАЛА АУМАҒЫН-ДА ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫ-СЫ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ, ЖҮРГІЗУШІЛЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ МАҚСА-ТЫҢДА РЕСПУБЛИКА-ЛЫҚ «ҚАУІПСІЗ ЖОЛ» ЖЕДЕЛ-ПРОФИЛАК-ТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ ӨТУДЕ. 11 – 16 ШІЛДЕ АРАЛЫҒЫНДА ҰЙЫМДА-СТЫРЫЛҒАН ШАРА БАРЫСЫНДА ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮ-ШЕЙТІЛГЕН РЕЖИМДЕ ҚЫЗМЕТ АТҚАРУДА.

Іс-шара аясында жол қозғалысы ережелерін өрескел бұзу деректерін анықтау мен олардың алдын алуға ерекше назар аударылуда. Патрульдік полиция экипаждары қала көшелері мен не-гізгі автожолдарда рейд-тік жұмыстар жүргізіп, жүргізушілердің жылдам-дық режимін сақтауы, қауіпсіздік белдігін тағуы және өзге де жол қозға-



лысы талаптарын орындауы қатаң бақылауға алынған. Патрульдік полиция жұмысты ұйымдастыру жөніндегі аға инспекторының міндетін атқарушы Төлеген Қайратовтың айтуынша, профилактикалық іс-шара барысында жол қозғалы-сы қауіпсіздігіне тікелей қатер төндіретін құқық бұзушылықтарды анықтауға басымдық беріледі. — Рейд кезінде мас күй-інде көлік басқару, көрінеу жалған мемлекеттік тіркеу

нөмірімен автокөлік жүр-гізу, көлік құралын басқа-ру құқығынан айырылған жүргізушілерді анықтау, сондай-ақ такси қызметін заңсыз жүзеге асыру дерек-терінің жолын кесу бойынша кешенді жұмыстар жүр-гізілуде. Мұндай шаралардың басты мақсаты — құқық бұзушыларды жазалау ғана емес, жол-көлік оқиғалары-ның алдын алып, жолдағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету, — деді Төлеген Қайратов.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН.

Наследственное дело

После смерти **Жумагалиева Берикхана Жанайдаровича**, умершего 21.05.2025 года, открыто наслед-ственное дело. Всем заинтересованным лицам и наследникам обращаться к нотариусу Болсамбековой Д.Н., по адресу: г. Балхаш, ул. Уалиханова, 7, тел: 8705-469-72-87.

№43.

ХАБАРЛАМА

"Балхаш-Щебень" ЖШС Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімшілік бағынысты жерлерінде орналасқан "Балқаш-тас" кен орнында (Оңтүстік қаптал) ОПИ өндіру-ге әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін жобалық мате-риалдар бойынша ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізудің басталғаны туралы хабарлайды.

Әсер ететін аумақ: Қарағанды облысы, Балқаш қаласы. Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 46°52'33.68"С, 75° 6'30.00"В.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 21 тамызда сағат 11: 00-де, Қарағанды облысы, Балқаш-1 станциясы, Вокзал ғи-мараты, акт залы, 2 қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Zoom платформасында тыңдауға қатысу үшін онлайн қосылуға сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/2349387375?pwd=CJqL7z9DzLiBOeaM9onUHFFbXGQsSO.1>

Конференция идентификаторы: 234 938 7375. Кіру коды: 1ed70s.

Тапсырыс берушінің деректемелері: " Балхаш-Щебень " ЖШС, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Амангелді кө-шесі, 32в көшесі, БСН 220540011662. Директор: Зухурнаев Д. К., телефон: + 7 702 456 1562, E-mail: fayzullinbg@gmail. com.

Әзірлеушінің деректемелері: "Есо-Logic" ЖК, Қа-зақстан Республикасы, 100008, Қарағанды қ., Жамбыл к-сі, 1, 21. Байланыс: тел: 8(701)244931

Қоғамдық тыңдау материалдарымен сайтта танысуға болады <https://hearings.ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/documents/1?lang=ru>.

Жобалық материалдар бойынша қосымша ақпаратты + 7 701 2449310, e-mail: dr.hadron@mail.ru

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дей-ін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, сондай-ақ ЖАО мекенжайы бойынша қабылданады: expertiza.upr_krg@mail.ru, телефоны: 87212568166.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Балхаш-Щебень» сообщает о начале проведе-ния общественных слушаний в форме открытых собра-ний по проектным материалам для получения экологи-ческого разрешения на воздействие для добычи ОПИ на месторождении «Балхаш-Камень» (южный фланг), расположенном на землях административного подчине-ния г. Балхаш Карагандинской области.

Территория, на которую оказывается воздействие: Карагандинская область, г. Балхаш.

Географические координаты территории воздей-ствия: 46°52'33.68"С, 75° 6'30.00"В.

Общественные слушания состоятся: 21 августа 2026 года в 11:00, по адресу: Карагандинская область, стан-ция Балхаш-1, здание вокзала, актовый зал, 2 этаж.

Ссылка на онлайн подключение для участия в слуша-ниях на платформе Zoom:

<https://us06web.zoom.us/j/2349387375?pwd=CJqL7z9DzLiBOeaM9onUHFFbXGQsSO.1>

Идентификатор конференции: 234 938 7375. Код до-ступа: 1ed70s.

Реквизиты заказчика: ТОО «Балхаш щебень», Кара-гандинская область, город Балхаш, ул. Амангельды, ст-е 32в, БИН 220540011662. Директор: Зухурнаев Д.К., теле-фон: + 7 702 456 1562, E-mail: fayzullinbg@gmail.com..

Реквизиты разработчика: ИП «Есо-Logic», Республи-ка Казахстан, 100008, г. Караганда, ул.Жамбыла 1, 21. Контакты: тел: 8(701)2449310.

С материалами общественных слушаний можно оз-накомиться на сайте <https://hearings.ndbecology.gov.kz>, а также на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/documents/1?lang=ru>.

Дополнительную информацию по проектным мате-риалам можно запросить по тел. + 7 701 2449310, e-mail: dr.hadron@mail.ru

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на НБД СОС и ПР, а также по адресу МИО: expertiza.upr_krg@mail.ru, телефон: 87212568166.